

Сынып жетекшілер мен пән-мұғалімдері, әлеуметтік педагог және психолог мамандарына ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруда әдістемелік көмек ретінде Б. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналастырылған әдістемелік ұсынымдамаларды басшылыққа алып, 2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуде. Тәрбие процесіне қатысушылардың өзара әрекеті мектебіміздегі «Әкелер клубы», «Аналар клубы», «Адал ұрпақ» клубы, «Болашақ» дебат клубы, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы, «Саржансай еріктілері» клубы, үйірмелер мен секциялар жұмысының бірлескен жұмысы нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізеді деген сенімдеміз. Тәрбие құжаттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес жүргізілуде.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Саржансай орта мектебінде оқушылардың бойында рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында үлгілік жоспардың вариативті компонент сағаттары есебінен жеке және топтық дамытушылық сипаттағы үйірме сабақтары жүргізіледі. Жалпы орта білім беретін мектептің вариативті компонентінен берілген үйірме сағаттары 2017-2018, 2018-2019, №2 кестеге салынып, оқушыларға ыңғайлы уақытта және сенбі күніне қойылды. 2019-2020 оқу жылында бастауыш сыныптарда вариативті үйірме сабақтары негізгі кестеге қойылып, «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. 5-11 сыныптардағы вариативті үйірме сабақтары №2 кестеге салынып, оқушыларға ыңғайлы уақытта және сенбі күніне қойылды. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында вариативті компоненті сағаттары барлық сыныптарда негізгі кестеге салынды, «Күнделік.kz» электронды бөлек журналда толтырылады.

2017-2018 оқу жылында барлық оқушы саны – 192. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушыларымыздың қатысу нәтижелері:

Халықаралық, республикалық - 1 %

Облыстық - 7 %

Аудандық - 44%

2018-2019 оқу жылында барлық оқушылар саны – 202. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Оқушылар саны - ;

Халықаралық, республикалық - 3 %

Облыстық - 6%

Аудандық - 27%

2019-2020 оқу жылында оқушылар барлық саны – 217. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Халықаралық, республикалық - 1 %

Облыстық - 4%

Аудандық - 12%

2020-2021 оқу жылында оқушылар барлық саны – 213. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Халықаралық, республикалық - 14%

Облыстық - 7%

Аудандық - 38%

2021-2022 оқу жылында оқушылар саны – 230. Оқу жылының спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Халықаралық, республикалық – 5%

Облыстық – 17%

Аудандық – 27%

Жалпы жүлдегерлер үлесі – 49%

Мектеп директоры



Досжанов А.А.